

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:

В НОМЕРЕ:

Бердібек Соқпақпаев «Ана жүрегі»

Ән мұхитының дарабозы

Ізгілік мекені – кітапхана.

Мир особого детства

Советы тифлопедагога!

Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество наших читателей

Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами

Необычные особенности человеческого зрения

1(111)

2024



«Ән мұхитының дарабозы»
Ғарифолла Құрманғалиевтың
115 жыл толуына орай

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ЯНВАРЬ

1 января – 125 лет со дня рождения казахского актёра, одного из основоположников национального театрального искусства, Народного артиста Казахской АКСР Елубая Омирзакова (1899 - 1931);

1 января – 95 лет со дня рождения казахского поэта Изтая Мамбетова (1929 - 1974);

1 января – 120 лет со дня рождения живописца, графика, одного из основателей казахского профессионального изобразительного искусства, народного художника Каз ССР, заслуженного деятеля искусств Каз ССР Абылхана Кастеева (1904 - 1973);

1 января – 110 лет со дня рождения актрисы, народной артистки СССР, лауреата Государственной премии Каз ССР Сабиры Майкановой (1914 - 1995);

1 января – 115 лет со дня рождения певца, народного артиста Казахстана Гарифоллы Курмангалиева (1909-1993);

2 января – 85 лет со дня рождения композитора, народного артиста Республики Казахстан Мансура Сагатова (1939 - 2002);

30 января – 110 лет со дня рождения замечательного казахского писателя Саттара Ерубаяева (1914 - 1937).

ФЕВРАЛЬ

1 февраля – 90 лет со дня рождения казахского писателя, драматурга Жунусова Сакена Нурмакулы (1934 - 2000);

3 февраля – 70 лет со дня рождения певицы, народной артистки Казахстана Нагимы Ескалиевой (1954);

4 февраля – 115 лет со дня рождения поэта, драматурга, литературоведа Абдильды Тажибаева (1909 - 1998);

15 февраля – 110 лет со дня рождения актера, кинорежиссера, народного артиста Каз ССР и СССР Шакена Айманова (1914 - 1970).

ӘДЕБИЕТ - ЛИТЕРАТУРА

Биыл қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіледі. Елімізде «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға ұсынылды.

Шоқтығы биік қаламгер балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман ұсынды. «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ «АНА ЖҮРЕГІ»

Салқын күздің сары таңын Балқия ана бүгін де жайсыз ұйқымен атқызды. Көзі ілінсе болғаны тағы да соғыс шықпай қойды түсінен.

Өте бір шошымал түсті Балқия таңға жақын көрді: жалаң аяқ, жалаңбас, көйлекшең қалпы қанды қырғын майдан даласын кезіп, жан ұшырып жүгіріп келеді екен. Іздегені жалғыз ұлы, аяулы Мәмбеті. «Мәмбет! Мәмбет!»-деп Балқия пәрменімен ышқына айғайлайды. О жағы, бұ жағынан гүрсілдеп жарылып жатқан тажалдарды елеп те қоймайды. «Мәмбет! Мәмбет!»

Кенет бұлттай қаптаған шаң мен түтін қойыртпағының арасынан Балқияның дәл алдынан Мәмбет шыға келді. Өз Мәмбеті, аңсаған алтын ұлы. Мылтық ұстаған қолын көкке сермеп, «апа!» деп ол Балқияға қарай құшақ жайып ұмтылды. Сөйткенше болмады, алып қоңыз тәрізденген қара сұр ірі бір танк Мәмбеттің арт жағынан сумаң етіп, ол да шыға келді. Жылан бауыры қаршылдап, өте шықты жосылтып, Мәмбет оған бір тал бұта құрлы да болған жоқ, танктің зіл кеудесіне көміліп қала берді...

«Мәмбет! Мәмбет!»

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Балқия өз даусынан өзі шошып оянды. Түсіндегі сұмдықты басынан өңінде кешіргендей алқынып, жүрегі аузына тығылып, терлеп кеткен екен. Біраз уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмай, мәңгірумен жатты. Сол кезде оның құлағына қабырға сағаттың сырт-сырт соққан үні естілді. Балқия өз үйінде жатқанын, әлгіндегі түсі екенін санасына енді жүгірте бастады. «Япыр-ай, неткен жаман түс еді!». Балқияның тұла бойы түршігіп, іші-бауыры тітіреп кетті. Жаңағы алып қоңыз тәрізді қара сұр танк, Мәмбеттің құлап бара жатқандағы кейпі көз алдында, әлі де сол қалпында...

Үш бұрышты қиықша хат Мәмбеттен үзбей келіп тұрушы еді. Осыдан бір ай шамасы бұрын және бір хат келді де содан кейін жым болды. Ол хатында Мәмбет Қырым майданының іргесінде залым жаумен белдеспекке сақадай сайланып тұрмыз деп жазған болатын.

Балқия ананың жайсыздана түсуі міне, содан кейін. Жалғыз ұлының тағдырын ойлап, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылды. Неше қилы үрейлі түстер көретін болды. Соның бірі жаңағы.

Оңаша бөлмеде, кең төсектің дәл ортасында Балқия көзі бақырайып, бірқауым уақыт ояу жатты. Таңғы жарық үй ішіндегі заттарды айқындай түсіп, біртін-біртін молайып барады. Үйдің іргесін солқылдатып алғашқы трамвай ағызып өтті.

Балқия төсегінен шаршап түрегелді. Сары ала сырмақтың үстімен жалаң аяқ жүріп кеп, терезе перделерді сырғытып ашты. Бөлменің екі терезесі бірдей шығыс жаққа қараған. Үйдің іші жап-жарық болды да кетті.

Бұрыштағы кішірек столдың үстінде Мәмбеттің әйнектелген открытка суреті тұр. Қобырап көзіне түскен бурыл шашын артқа таман сырып қойды да, Балқия соны қолына алды. Арайлап атқан таңның нұрына тоса ұстап тұрып қарады. «Құлыным... Шыбын жаным...» Балқияның жан жүйесі еріп, балқып кеткендей болды. Жорғалаған бірнеше тамшы ыстық жас өзегін қақ жарып, көзіне келді.

Жалаң аяғына калошын қоңылтаяқ сұқты да, Балқия тысқа

шықты. Бірнеше түп шиіе ағашы өскен аядай ауласы онаша еді. Таңертеңгі салқын ауамен тыныстамаққа ағаштардың біреуінің түбіне бір кезде Мәмбеттің қолымен орнатылған шағын орындыққа келіп отырды.

(Жалғасы келесі нөмірде)

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Ән мұхитының дарабозы. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасының өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 9 қаңтар күні ән еркесі, Мұхит мектебінің өкілі, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ұлағатты ұстаз Ғарифолла Құрманғалиевтың 115 жыл толуына орай «Ән мұхитының дарабозы» атты шығармашылық сағаты өтті.

Шараның мақсаты: Ән сапарымен төрткүл дүниенің талай елдерінде болып, сан-сан сахналардан ұлттық музыкалық салт-дәстүріміздің байлығын паш еткен Ғ.Құрманғалиевтің өмірі мен шығармашылығын насихаттау.

Іс-шара барысында оқырмандарға әншінің өмірбаяны туралы арнайы дайындалған бейнебаян көрсетілді. Халыққа кең тараған халық әні «Әдемі қызды» Ғарифолла атамыздың орындауында күйтабақта оқырмандарға тыңдатылды.

Шығармашылық сағатына «Алатау» дәстүрлі өнер театрының қызметкерлері Қазақстан Республикасының өнер қайраткері Алма Аманжолова мен танымал әнші Сандуғаш Стамғазиева қатысып, әннен шашу шашты.

*Назым Момбекова,
өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің қызметкері*

Ізгілік мекені – кітапхана. Расында адамзат баласы өмірге келіп, өнегелі ой түйе бастағанда айналасынан мейірім шуағымен шұғылалы нұр сәуледен ерекше ләззат алып, рухани сусындауға талпынады. Тұтас тұла бойы мен жан-жүрегі жақсылықтан нәр алып болмысын парасаттылықпен құнарландырады. Менде бала

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

жасымнан рухани даму жолында елге есімі белгілі дара тұлғалармен тілдесіп, ой-өрісіме өмірлік азық алып, санамды сусындатып мәдени орындарға жиі-жиі бара жүріп өзіме жайлы ортаны айқын таптым. Сонау балалық шағымның жарқын кезеңі 2001 жылдары мектеп қабырғасында білім ала жүріп, өзім оқыған «Үміт» мектеп-интернатының жанында орналасқан Шымкенттегі көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханаға сол кездегі тәрбиеші апайларымыздың жетелеуімен келіп, киелі шаңырақпен таныстым. Сол сәттен бастап арнайы кітапханамен байланыс орнаттым. Жаныма жақын тұттым. Алғашында кітапхананың ұйымдастыруымен өтетін әдеби-сазды кештерге оқырман ретінде белсене қатысып жүрдім. 2014 жылы көктемде кітапханада жергілікті ақын біршама кітаптардың авторы Әбілда Аймақтың 60 жылдығын және өңіріміздің мақтанышы, отауызды, орақтілді, шындықтың өткір қылышын тік көтере білген ақын, көптеген кітаптардың авторы Ханбибі Есенқарақызының 65 жылдығына арналған кездесу кештерін жүргізіп әдебиет әлеміне біртабан жақындай түстім. Ол да болса кітапхананың еріксіз өзіне баурап алатын ерекше қасиеті десем артық айтқандық болмас. «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», - дейді бір сөзінде қазақтың қаламгері Әбіш Кекілбаев. Бұл сөз маған үлкен ой салды. Адамның адам бола алуы оның тәрбиесі мен білімінің, ішкі мәдениеті мен өзіндік ұстанымына байланысты. Ал білімді кітаптан алатыны, сол кітаптың кітапханада тұратындығын ойласақ бір-бірімен ұштасқан ой екенін тағы да аңғарамыз. Ертеректегі ұстаздың кітапханаға жетелеуі сондай-ақ жоғарыдағы ойлар мені 2015 жылдың ақ ұлпа ақ қар жауған ақпанда кітапханаға қызметке орналастырды. Жұмысымды жан тәніммен жақсы көріп, шама-шарқым жеткенше аянбай еңбек етіп келемін. Бүгінгі таңда кітапханамыз зағип және көзі әлсіз көретін жандарға жан-жақты қызмет көрсетіп келеді. Кітапханада жүріп түрлі жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа жобаларды жүзеге асыра білдік. Соның ішінде авторлық жоба ретінде 2021 жылы ашылған «Ізгілік мекені» хабарын айтар

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

едім. ONTUSTIK телеарнасының қолдауымен кітапханамызда есімі елге белгілі зиялы қауым өкілдерін, әдебиеттеөзіндік орны бар ақын-жазушыларды және өнерлі, дарынды, өмірге құштар, сенімге берік, ойға жүйрік, өз ісіне қабілетті мүмкіндігі шектеулі жандарды шақырып сұхбат алып, «Ізгілік мекені» хабарын түсіріп, тұтас Республикаға таратамыз. Ондағы мақсатымыз әр кейіпкермен тілдесу арқылы ол кісілерді кітапханаға шақырып, телеарна арқылы кітапхананы сонымен қатар дара тұлғалардың атқарып жатқан қызметтерін, жарыққа шыққан туындыларын насихаттап, қалың оқырманға кеңінен дәріптеу болып табылады. Бүгінде «Ізгілік мекені» хабарының 40-тан аса бағдарламасы түсіріліп, көгілдір экран арқылы эфирге берілді. Хабарды «Ізгілік мекені» деп атауымның сырына тоқталайын. Әрбір жанның өз ізгілік мекені, шаттық шатқалы, бақ ордасы болады. Сол орда ізгілік мекені әр тұлғаның өз жанын жадыратып, көңіліне көктем лебін естіріп, өміріне тылсым күш сыйлайды. Менің ізгілік мекенім кітапханам болса, өзге жандардың өз өмір бекеті мен тұғыр тұрағы, ізгілікке толы мекенін айқындай алады.

Аталмыш хабарға сазгер де, жазушы да, әнші де, спортшы да, күйші де, кітапханашы да, айтыскер ақындар мен жазба ақындар да қонақта болып, жан сырымен бөлісіп, жүрек тебіренісі мен көңіл толғанысын да ортаға салып, бойына біткен өнері мен тамырында тулаған талантын да, қоғамға қатысты түрлі ой-пікірлерін де ашық айтып еркін көсіліп келеді. Қырықтан аса хабарды жүргізе отырып түйген ойым, әрбір адамның көңіл көкжиегінде алдына қойған арман-мақсатына жетуге деген талпынысы, болашағына артқан сенімінің мықтылығы, бойындағы ерік-жігерінің қайраттылығы бір биікке қондырып, бір белеске жетелеп өзі қалаған мақсат-мұратына жеткізеді екен. Ең бастысы шынайы ықылас қойып, келер күнге нық қадам басса болғаны. Қадірлі оқырман сіз де ізгілікке толы мекеніңізді айшықтап, сол мекенге игі жақсыларды жинай біліңіз. Сонда сіздің өміріңіз жарқын, күндеріңіз көркем болмақ. Мен де өз оқырмандарымды, қадірі қымбат кейіпкерлерімді Ізеттілікке толы ізгілік мекенімде, киелі кітапханамда күтемін.

Мен өз өмірімді кітапханамен байланыстыра отырып осы

тақырыпта тебіреніп ой-толғаныстарымды сіздермен бөліскім келді. Сөз соңында айтулы хабардың біздің кітапханада түсіріліп, экран арқылы егемен елге таралуына зор ықпал жасап, қолдау көрсеткені үшін ONTUSTIK телеарнасының директоры Қыдыров Уали Сағындықұлы мен телеарна ұжымына зор алғысымды айтамын.

*Ербек Бакиев, ақын, I топ көз мүгедегі,
Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған
арнайы кітапханасының тифло бөлім меңгерушісі*

Мир особого детства

Для незрячих и слабовидящих чтение служит важнейшим инструментом социализации. Оно играет преобладающую роль в процессах реабилитации и интеграции их в обществе. Круг читательских потребностей и интересов чрезвычайно широк. А удовлетворить эти потребности помогает наша библиотека. Продвижение чтения в среду незрячих предполагает наличие в библиотеке книг, доступных для восприятия. Особенности читатели нуждаются в изданиях специальных форматов, доступных для восприятия, которые составляют значительную часть фонда специальной библиотеки. Это издания рельефно-точечным шрифтом Луи Брайля. Как известно в Казахстане нет издательства для массового выпуска книг на государственном и русском языках для незрячих людей, особенно ощущается нехватка книг для детей с проблемами зрения, поэтому спецбиблиотека старается своими силами восполнить дефицит произведений казахстанских авторов. Постоянно проводится работа по привлечению спонсорской помощи. Так в 2023 году ТОО «Казцинк» приобрел для спецбиблиотеки новое специальное оборудование – тифлокомплекс, портативный дисплей Брайля и компьютер с программным обеспечением, благодаря которому фонд библиотеки будет пополняться новой литературой по Брайлю, учитывая заявки наших пользователей.

В 2023 году в рамках монопроекта «Новые горизонты доступного чтения», цель которого выпуск книг рельефно-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

точечным и укрупненным шрифтом, на тифлокомплексе было выпущено 14 экземпляров книг, в т.ч. на государственном языке - б, что позволило пополнить специальный фонд для детей и взрослых с инвалидностью по зрению произведениями казахстанских авторов и писателей-краеведов.

Для детей в рамках монопроекта были выпущены книги: к 30-летию национальной валюты «Қазақстан банкноттары», «Жігіттік шаққа бір қадам!» из серии «Сен білесің бе?», произведение Марата Кабанбаева «Солнце в одуванчиках» и сборник «Слаблю тебя, родной Казахстан: повести и рассказы современных детских писателей».

В 2024 году работа по монопроекту «Новые горизонты доступного чтения» будет продолжена и для детей, спецбиблиотека планирует выпуск произведений к юбилейным датам казахских писателей. Например, к 115 - летию со дня рождения поэта, драматурга, литературоведа Абдильды Тажибаева, к выпуску запланирован сборник стихотворений «Өлеңдер жинағы», куда войдут лучшие произведения из поэтического творчества для детей.

К 90 - летию со дня рождения казахского писателя, драматурга Сакена Жунусова выйдет сборник, в который войдут повесть «Первый вагон» и рассказы. В его произведениях фигурируют дети из обычных сел и городов, их жизнь полна приключений и разных событий.

Детский писатель Казахстана Бердибек Сокпакбаев, автор многочисленных произведений о детях. В 1963 году выходит его повесть «Меня зовут Кожа», которая принесла писателю самую наибольшую известность. Главный герой – Кожа - неудержимый фантазер, озорник – часто попадает в самые невероятные ситуации, из которых выбирается с честью, благодаря своей истинно народной смекалке, уму и находчивости. По его произведению снят фильм «Меня зовут Кожа», который удостоился премии на Международном кинофестивале детских и юношеских фильмов в Каннах (Франция) в 1967 году. Наши юные читатели с проблемами по зрению тоже смогут познакомиться с творчеством Сокпакбаева Б. К 100 - летию со дня рождения

писателя, поэта, сценариста готовится книга шрифтом Брайля «Меня зовут Кожа».

Ибрай Алтынсарин педагог-просветитель, писатель, фольклорист, общественный деятель, учёный-этнограф. Его творческая биография началась в 1879 году, с выхода его первой книги «Казахская хрестоматия», где он публиковал стихи, сказки, басни и этнографические исследования. Для читателей-детей спецбиблиотеки уникальным знакомством станет книга Ибрая Алтынсарина «Чистый родник», куда войдут рассказы, басни, сказки.

Наши книги – большая помощь в образовательном процессе незрячих и слабовидящих детей. Они способствуют приобщению детей с ограниченными возможностями по зрению к чтению. Кроме того, чтение книг рельефно-точечным шрифтом позволяет детям перейти к работе на компьютере, оснащённом дисплеем Брайля. Ведь каждая такая книга для незрячего ребенка – это окно в огромный мир.

*Лилия Косицына,
заведующий сектором комплектования спецбиблиотеки ВКО*

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Главная задача тифлопедагога – научить ребенка осознанно пользоваться своим зрением. При этом тактично и осторожно говорить ребенку о том, что он плохо видит и постепенно, по мере взросления, объяснять ребенку все особенности его зрительного восприятия, мотивировать его на успешное аппаратное лечение и соблюдение основных офтальмо-гигиенических правил. Цель работы тифлопедагога – формирование у детей с нарушением зрения социально адаптивных форм общения и поведения, успешная подготовка к обучению в школе, интеграция ребенка в открытое общество. Поэтому вся работа проходит в тесной взаимосвязи воспитателей, специалистов, родителей. Важно регулярно контролировать зрение ребенка и ежедневно создавать необходимые условия зрительной работы и правильного режима зрительных нагрузок и отдыха. Специальные коррекционные занятия тифлопедагога ориентированы на формирование и

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

развитие: – социально-бытовой ориентировки; – зрительного восприятия; – ориентировки в пространстве; – осязания и мелкой моторики. В помощь вам, родители, следующие рекомендации: - постоянно поддерживайте интерес ребёнка к лечению, которое достаточно продолжительно; -приучайте ребенка следить за чистотой очков, бережным обращением с ними; - при лечении окклюзией объясните ребенку ее необходимость, следите за чистотой и правильным ношением; - обращайтесь внимание детей на разнообразные звуки: как шумит машина, работает холодильник, течет вода, шумит ветер и т. п.; - чаще разговаривайте с детьми об увиденном – это позволит вам понять полноту зрительного восприятия вашего ребенка; -соблюдайте офтальмо-гигиенические требования к условиям зрительной работы: освещение, продолжительность зрительной нагрузки, осанка и т.д.; -приучайте ребенка делать ежедневную зрительную гимнастику в игровой форме; - следите за тем, сколько ваш ребенок проводит времени за компьютером; - создавайте ситуации для активного познания ребенком окружающего мира. Полученные навыки важно поддерживать постоянно. Во время занятий с ребенком следует учитывать периоды лечения. Например, в период плеоптического лечения, направленного на повышение остроты зрения, врачи-офтальмологи рекомендуют игры с разнообразными мозаиками, нанизывание бус, обводку по контуру и силуэту, через кальку, шнуровки, игры лабиринты. В период ортоптического лечения косоглазия полезны упражнения на совмещение двух изображений. Для детей с косоглазием и амблиопией огромное значение имеет развитие стереоскопического зрения. Весьма эффективны в этом случае такие игры, как настольный теннис, бадминтон, баскетбол, волейбол, городки. Эти игры требуют от детей оценки глубины пространства, удаленности предметов и расстояния между ними. Для слабовидящих детей больше подойдут настольные игры: бильярд, футбол, хоккей, с помощью которых дети смогут тренироваться в определении удалённости объектов в пространстве относительно себя и других объектов, расстояния между ними. Катание на велосипеде также вполне доступно

детям с нарушениями зрения и весьма полезно, но под контролем взрослых. Всем детям с нарушением зрения полезно играть с различными крупными конструкторами для закрепления бинокулярного и развития стереоскопического зрения.

*Источник из интернета.
Городинская В. «Помощь родителям».*

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Бір ән мен жыр дүниеге келер кезде өзіндік тарихымен келеді.

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» - деген қазақ тағы бірде «Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің»... дейді.

Мен, Боранбаева Қоныскүл Жалғасқызы, I топтағы көз мүгедегімін, көзім көрмейді деп, жетекке жүргенімді көпсініп жүргенде, жақында қатты ауырдым. Белімнен шойырылып, төсек тартып жатып қалдым. Қозғалуда мұң еді, ойланып жатып «Қаранар жүк көтермес бел кеткен соң»-деген шумақ ойыма орала кетті. Сол кезде жүріп жүрген кезіме шүкіршілік еттім. Осылай «Ана толғауы» атты шығармам дүниеге келді. Ағайын «Бірінші байлық – денсаулық» дегендей, денсаулықтың қадірін білейік.

Өзімнің өмірбаяныма тоқтала кетейін. 1954 жылы 8 наурыз күні дүниеге келдім, бұрынғы Чапаев колхозында 8 жылдық № 109 Амангелді Иманов атындағы мектепті тәмәмдадым. 1972 жылы аудан орталығы Жосалыда № 26 Шоқан Уалиханов атындағы мектепті бітірдім. 1983 жылы жолдасым Берікбекпен жанұя құрдым. 4 перзентім және 4 келінім бар. Келіндерім тәрбиелі, ибалы жандар. Қазіргі таңда 12 немерем бар. Алланың берген сыйы болар ұрпақтарым – салиқалы, әрине мұның бәрі тәрбиенің арқасы.

2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданына қоныс аудардық. Тайынша ауданындағы «Әздер» қоғамына мүше болдым. Басшысы – Жантілесов Амантай Еламанұлы. Осы

кісінің жетекшілігімен Петропавл қаласында талай байқауларға қатысып, жүлделі орынға ие болдым. Осы аралықта «Ақкен» кітабым шықты. Назарларыңызға «Ана толғауы» атты шығармамды ұсынамын.

Ана толғауы

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң
Көлдің де сәні болмас құс кеткен соң
Жасыңда қанша ажарлы болсаңдағы
Бекер-ау қос жанардан нұр сөнген соң.

Жампоздың сұлулығы ашасында
Сәйгүлік шаң қондырмас шашасына
Әкеңнен арыстандай ассаңдағы
Жарасар көркем мінез ер басыңа.

Қашықты жақындатам десең егер
Дархан пейіл дастарқанды, қазанды бол!
Батасын үлкендердің ала жүрсең,
Анаңның ақ сүтінің ақталғаны.

Сыйлай біл ата-анаңды, күлімдесін жанары,
Баға біл әке назарын, түйілмесін қабағы,
Түнерсе аспан қабағы, найзағай ойнап нұр жауар,
Қараусыз қалса ата-ана, көздің жасы көл болар.

Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада,
Осы бір сөзді бабамда, айтып бір кеткен дана да,
Ғибрат сөзді болмасаң, не айтасың балаңа?
Жұмақтың кілті анада, түйіп ал соны санаңа!

Қарағым, тәлім іс сөз қаймағын жи
Дүниеге бекер келген дегізбе и!
Мінген ат, зерлі шапан ұмыт болар,
Сүлейлер ойып орын қалдырған сый.

Жаксылар эр нәрсе айтып аңдатамын,
Біле жүр ақылдыға ой саламын,
Құр қалма тәңір шашқан ырзығыңнан,
Керілмей таң бозынан ерте тұрғын.

Өмір атты бағыңда, сайрасын мәңгі бұлбұлың,
Өмірде гүл-гүл жайнасын, салиқалы ұл-қызың,
Алтыннан қымбат сөздерім, тәңір әр кез қолдасын
Сараларсыз әлеумет Жалғасқызы хей, Қоныскүл Ана толғауын!

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Уважаемые пользователи!

Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами.

Берристер И. «Прощаю и люблю». В двух книгах.

Профессиональные интересы связывают Шерон Доул и Герри Салливана. Заключение между ними обоюдодовыгодной и общественно полезной сделки мешает темный городской делец - личность низкая и аморальная. Противостояние его грязным замыслам и домогательствам сплачивает Шерон и Герри. Они прониклись взаимной симпатией, а потом и полюбили друг друга. Однако Шерон одолевают противоречивые чувства: не за горами тридцатилетний рубеж, пора бы обзавестись семьей, но ее увлекает прежде всего работа, карьера. А любовь, считает она, это ловушка, попав в которую, потеряешь свободу и независимость, право на собственное «я»...

Берристер И. «Ключ к счастью». В двух книгах.

Будущее представлялось Элис Лэнгнер безмятежным и счастливым. Впереди было Рождество, знакомство с родителями жениха, в недалеком будущем - замужество, тихая семейная жизнь. И вдруг... Как часто в нашу судьбу вмешивается случай! Все изменила одна лишь встреча, после которой спокойное размеренное течение жизни Элис было нарушено раз и навсегда.

Адамс Р. «Великое путешествие кроликов». В четырех книгах.

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Увлекательные приключения, описанные на страницах этой сказочной повести, напоминают волшебный мир Толкина, а разоблачение зла и несправедливости не уступает по силе лучшим образцам мировой сатиры. Но главное, что может подарить вам и вашему ребенку наша книга, - это тихий вечер с доброй сказкой. Уважаемые дети! Если вы можете представить себе, что могло бы получиться, если смешать «Винни-Пуха» и «Хоббита», то эта книга для вас.

Андерсен Л. «Тебе этого не понять».

Герой повести, Пелле, впадая то в гнев, то в отчаянье, рассказывает своему приятелю о том, что повлекло за собой увольнение его отца с работы.

Арджилли М. «Приключения Гвоздика». В двух книгах.

Сказка «Приключения Гвоздика», написанная двумя итальянскими писателями - Марчелло Арджилли и Габриэллой Парка, - полна самых неожиданных приключений. Это история железного мальчика, доброго и отзывчивого Гвоздика (таким сделал его старый одинокий ученый Пилукка). Механический мальчик всячески сопротивляется злым намерениям жадных богачей, стремящихся использовать его чудесную силу во вред простым людям и заработать на этом большие деньги. Гвоздик остается верным помощником своих маленьких друзей: бездомной девочки Перлины (по-итальянски ее имя значит: жемчужинка), трех беззащитных лилипутов - Нано, Нане, Нани - и других.

Арро В. «Бананы и Лимоны». В двух книгах.

Повесть о пионере Пете и о его друзьях: Лёше, Савве, Алисе, пожарнике Василии и двух студентах, приехавших к нам учиться из борющейся африканской республики, Мишеле и Андерсе.

Арсеньева Е. «Отражение в мутной воде». В пяти книгах.

Внезапно жизнь молодой журналистки Тины Донцовой превратилась в охоту, где она выступает в качестве добычи, жертвы, гонимой беглянки. Гибнут друзья, дающие ей приют, а самые безобидные люди на поверку оказываются врагами, не знающими жалости. Много и многих придется пережить Тине, пока она не узнает, что перешла дорогу международной

преступной организации, рядом с которой знаменитый сицилийский «Спрут» - просто безобидная золотая рыбка. Как избавиться от гнета смертельной опасности? И можно ли вообще избежать судьбы, которая, как известно, неотвратима?..

В очаровательном загородном доме собралась теплая компания. В гости к богатому ювелиру приглашены хозяйка магического салона «Зазеркалье» Алиса и гадалка Полина. Веселье было в самом разгаре, когда Полина раскинула карты и предсказала хозяину... неминуемую скорую смерть!

Берсенева А. «Мурка, Маруся Климова». В пяти книгах.

Если тебя зовут Маруся Климова, то песню "Мурка" ты с детства знаешь наизусть. Все знакомые то и дело напоминают, что, согласно этой самой песенке, твое жизненное предназначение - простить любимого. Но правда ли это? Ведь любимый - отставной военный, настоящий полковник - относится к Мурке так, что прощать его совсем не хочется... Может, судьба предназначила Марусе Климовой быть клоуном в цирке? А что, ей это нравится! Ни о чем, кроме цирковой арены, она не думает. И неожиданное знакомство с Матвеем Ермоловым не кажется ей серьезным...

Басманова Е. «Тайна черной жемчужины». В пяти книгах.

Для того чтобы детектив из примитивного трамвайного чтива превратился в настоящую Литературу, необходимо, как минимум, три вещи: крепкий сюжет с неожиданной развязкой, добротный язык и «живые» персонажи. Все эти составляющие в полной мере имеются в детективах Елены Басмановой – и даже больше: читая ее романы, ты как будто погружаешься в атмосферу того времени, сидишь за одним столом с милыми и галантными героями, участвуешь в расследовании... Одним словом, перед вами – настоящий детектив...

Белов Н. «Я был адъютантом у Гитлера». В девяти книгах.

Бывший полковник геринговской «люфтваффе», ряд лет прослуживший военным адъютантом Гитлера по ВВС, принадлежал к узкому окружению нацистского фюрера. Он был в

в курсе преступных планов и дел военно-политической верхушки Третьего рейха и мог непосредственно наблюдать ее специфические нравы и повадки. Поэтому его воспоминания содержат много любопытных и малоизвестных фактов, которые привлекут внимание читателей, интересующихся историей Второй мировой войны и фашистской агрессии против СССР. Автор является очевидцем многих крупных событий вплоть до разгрома гитлеровской Германии и самоубийства ее главаря в Имперской канцелярии.

Бушков А. «Колдунья». В четырех книгах.

Приемная дочь знатного вельможи, выросшая в роскошном имении, затерянном в диких российских лесах, девушка, чье происхождение окутано тайной, неожиданно становится самой настоящей колдуньей, получив этот дар от местного волшебника, всю жизнь прожившего под маской обычного крестьянина.

Бушнелл К. «Все на продажу». В семи книгах.

Одна из «четырех блондинок» возвращается в джунгли нью-йоркского высшего света, и на сей раз она добьется настоящего успеха в мире «высокой моды»! Она чуть старовата для супермодели? Ну что ж... зато она - не глупенькая «вешалка» только-вчера-из-школы!

Она чересчур опытна для идеальной «мужской мечты»? Тем хуже мужчинам, попавшимся ей на пути!

Подготовил Мырзабеков Алмас

ЭТО ИНТЕРЕСНО

Необычные особенности человеческого зрения.

Значительный недостаток зрения человека – это так называемая мертвая зона – предметы, расположенные рядом друг с другом, при фокусировке на них взгляда, вдруг каким-то образом начинают «исчезать». На самом деле они, конечно, никуда не пропадают: просто глаза их перестают видеть. Может

быть, поэтому так часто случаются автомобильные аварии?

В каждом глазу здорового человека существует область сетчатки, не чувствительная к свету, которая называется слепым пятном. Слепые пятна в двух глазах находятся в разных местах, но симметрично. Этот факт, а также то, что мозг корректирует воспринимаемое изображение, объясняет, почему при использовании обоих глаз они незаметны.

Проверьте сами: ниже на картинке изображены красный крестик и синяя точка. Закройте левый глаз и смотрите правым только на крестик. Боковым зрением вы видите и точку. А теперь медленно приблизьтесь к монитору. В какой-то момент синяя точка вообще исчезнет!

Интересно знать! У глаз осьминога нет слепого пятна, эти организмы развивались отдельно от других позвоночных.

- Доминирующий глаз

У каждого человека есть доминирующий глаз, который имеет более широкую область обзора.

Интересно знать! У 80% людей в мире доминирующий глаз правый.

Чтобы определить доминирующий глаз сделайте следующее:

- Соедините ваши ладони таким образом, чтобы получился «треугольник».

- Выберите какой-нибудь объект в метре от вас и посмотрите на него через этот треугольник.

- Закройте правый глаз, а после – левый.

- Доминирующий глаз будет видеть предмет полностью, без смещения, а другой глаз – только часть предмета.

- Остаточное изображение

Глаза человека имеют три типа рецепторов, воспринимающих три основных цвета: красный, зеленый и синий. Если смотреть на цветное изображение слишком долго, то рецепторы устанут. Резко заменив эту же картинку на черно-белую – рецепторы не успеют адаптироваться, в итоге вам будет казаться, что вы видите цветное изображение.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

- Сосуды наших глаз

Для этого эксперимента понадобится небольшой лист бумаги с отверстием в нем. Поместите бумагу напротив ярко-белого экрана монитора. Смотрите прямо через отверстие и слегка встряхивайте лист. Спустя некоторое время вы увидите темную сетку линий, напоминающую сеть, которую мы видим на листьях дерева – это и есть сосуды и вены глазного яблока, а точнее – отбрасываемая ими тень.

Интересно знать! Примерно у 2% женщин есть редкая генетическая мутация, благодаря которой у них наблюдается дополнительная колбочка сетчатки. Это позволяет им видеть 100 миллионов цветов.

- Процедура Ганцфелда

Чтобы провести этот эксперимент, необходимо включить телевизор или радио с белым шумом или помехами, поместить половинки мячика от пинг-понга на глаза и смотреть сквозь них на свет, принять горизонтальное положение.

Через некоторое время метод начнет действовать и человек ощутит яркие и сложные галлюцинации. Так некоторые могут видеть лошадей, других животных или даже говорить с родственниками, которых нет в живых.

Но необходимо учесть, что данный эксперимент интересен будет лишь лицам с развитым воображением, которые чаще всего видят яркие и запоминающиеся сны.

*Источник из интернета.
«Линзмастер».*

РБНСГ - ВЕСТИ



Ізгілік мекені – кітапхана



Боранбаева Қоныскүл Жалғасқызы

Мир особого детства

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.
Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы
по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии ИП СТАРКОВ С.А.

Акмолинская область, г. Кокшетау, Акана серэ, 140

тираж 100 экз. Заказ № 100

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Баймуратова Н.Д.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Материалы публикуются в авторской редакции.